

Бекзат Мәмбетов

Шымкент университетінің аға оқытушысы, (Қазақстан, Шымкент қ.)
E-mail: bek.kz.8080@mail.ru

Хазретәлі Маханұлы Түрсұн

Т.ғ.д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
профессоры (Қазақстан, Түркістан қ.)
E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

Ақмарал Сундетова

М.Оспанов атындағы Ақтөбе медициналық университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Ақтөбе қ.)
akmar.sundet@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6351-2765>

ОТАНДЫҚ ТАРИХТАҒЫ ТҮЛГАТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕРІН ЖІКТЕУ

Андатпа. Мақала отандық тарихтағы түлгатану ғылыми бағытының мектептерін тарихнамалық талдау арқылы жіктеуге арналған. Түлгатанулық зерттеулер қатарының көп болуы және ол зерттеудерде түрлі әдістердің қолданылуымен бірге жаңрлық түрғыда әралуандылығын жіктеп, жүйелеудің қажеттілігі тақырыптың өзекті екендігін танытады. Осы бағытта С.Бейішев, М.Асылбеков, К.Нұрпейіс, Б.Қойшыбаев және т.б. ғалымдардың түлгатану бағытындағы зерттеулері талданып, олардың методологиялық ұстанымдарына баға беріледі. *Мақсаты мен міндеттері*. Зерттеудің басты мақсаты түлгатанулық зерттеудердің методологиялық ұстанымдарын айқындау болып белгіленді. Осыған сай отандық тарихшылардың түлгатанулық зерттеулерін тақырыбы, қолданған әдіс-тәсілдері жәнешшегармашылық стилі бойынша жіктеу міндеттерді іске асыру қарастырылды. *Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы*. Мақалада жасалған ғылыми тұжырымдар тарихтағы түлгатану ғылыми бағытына тарихнамалық, методологиялық және эпистемиологиялық талдаулар жасауға қатысты зерттеулерге бағдар болады. Сонымен бірге тарихи таным қалыптастыруда түлгатанулық мәселелерді оқыту үдерісінде қолдануға әдістемелік көмекші материал болады. *Нәтижелер*. Зерттеу барысында тарихшы-ғалымдардың түлгааралық байланыстары, олардың шығармаларына идеологиялық ұстанымдардың ықпал-әсері туралы тың тұжырымдар ұсынылып, түлға қызыметін бағалаудағы қолданған әдіс-тәсілдері туралы ұғымдар қалыптасты. Сол сияқты Отан тарихындағы түлгатану ғылыми бағыты мектептерінің сұлбасы анықталды.

Кілтті сөздер. Тарихи түлгатану; тарих методологиясы; тарихшы ғалымдардың түлгааралық байланыстары.

Бекзат Мамбетов

Старший преподаватель Шымкентского университета (Қазақстан, г. Шымкент қ.)
E-mail: bek.kz.8080@mail.ru

Хазретәлі Маханұлы Түрсұн

Доктор исторических наук, профессор Международного казахско-турецкого
университета (Қазақстан, г. Туркестан)
E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

Ақмарал Сундетова

Преподаватель Актюбинского медицинского университета имени М. Оспанова
(Қазақстан, г. Ақтобе)
akmar.sundet@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6351-2765>

КЛАССИФИКАЦИЯ НАУЧНЫХ ШКОЛ ПЕРСОНАЛИСТИКИ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

Целью статьи является классификация школ научного направления изучения личности в Отечественной истории посредством историографического анализа. Наличие большого количества антропологических исследований и использование в них различных методов, необходимость классификации и систематизации их жанрового разнообразия показывает, что тема актуальна. В этом отношении проанализированы работы С.Баишева, М.Асылбекова, К.Нурпеис, Б.Койшибаева и других ученых в направлении исследований персоналистики оценивание их методологических позиций. *Цель и задачи.* Основной целью исследования является определение методологических позиций изучения персоналистики. В соответствии с этим рассматривалась задача классификации тематики исследований поперсоналистике отечественных историков, применяемым методам и творческому стилю. *Научная и практическая значимость работы.* Сделанные в статье научные выводы послужат руководством для исследований, связанных с историографическим, методологическим и гносеологическим анализом научного направления изучения персоналистики в Отечественной истории. В то же время, при формировании исторических знаний появится методический вспомогательный материал для использования персоналистики в учебном процессе. *Результаты.* В ходе исследования были представлены новые выводы о межличностных отношениях историков-ученых, влиянии и деологических позиций на их работы, сформированы представления о методах, используемых при оценке деятельности личности. Так же были определены очертания направлений научных школ персоналистики в истории Казахстана.

Ключевые слова. Историческая персоналистика; методология истории; межличностные связи ученых историков

Bekzat Mambetov

Senior lecturer of Shymkent University, Shymkent city

Hazret Makhanuly Tursun

Akhmet Yassawi International Kazakh - Turkish University (Kazakhstan, Turkistan),
Doctor of historical sciences, email: corresponding author kazretali.tursun@ayu.edu.kz 
<https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>.

Akmarał Sundetova

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, senior lecturer <https://orcid.org/0000-0001-6351-2765>, e-mail: akmar.sundet@gmail.com

CLASSIFICATION OF SCIENTIFIC SCHOOLS OF PERSONALISTICS IN NATIONAL HISTORY

Annotation. The article is devoted to the classification of schools of the scientific direction of personality studies in domestic history by means of historiographic analysis. The presence of a large number of personality studies and the need to classify and systematize genre diversity, combined with the use of various methods in these studies, indicates the relevance of the topic. In this direction, the research of scientists S. Baishev, M. Asylbekov, K. Nurpeis, B. Koishybayev and others in the field of personality studies is analyzed and their methodological positions are evaluated. *Purpose and objectives.* The main goal of the study was to determine the methodological positions of personality research. In this regard, the implementation of the tasks of classifying personal studies of domestic historians by topic, methods and styles of creativity was considered. *Scientific and practical significance of the work.* The scientific conclusions made in the article will serve as a guide for studies related to the historiographical,

methodological and epistemological analysis of the scientific direction of the study of personalistics in national history. At the same time, during the formation of historical knowledge, methodical auxiliary material will appear for the use of personalistics in the educational process. *Results.* In the course of the study, new conclusions about the interpersonal relations of historians-scientists, the influence and ideological positions on their work, and ideas about the methods used in assessing the activity of a person were presented. Also, the outlines of the directions of personal science schools in the history of Kazakhstan were determined.

Key words. Historical Personology; methodology of history; interpersonal relations of historical scientists.

Кіріспе. Отандық тарих ғылымында тұлғатану бағыты бойынша зерттеулер аса қомақты. Осы тақырыптағы жарияланымдардың жанры барынша алуан түрлі болып келеді. Сонымен бірге зерттеулер қолданылатын әдіс-тәсілдері бойынша да әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ең бастысы тұлғатанулық зерттеулердің методологиялық ұстанымдары олардың жетістігі немесе кемшілігін айқындайды. Бұл мәселе тұлғаның қоғамдық-саяси қызметін бағалау өлшемдерін қолдану мен тарих мазмұнынан алатын орнын анықтауга тікелей қатысты болғандықтан да біз зерттеуіміздің басты ұстанымы ретінде тұлғатанулық зерттеулердің методологиялық тұрғыда зерттеу деп айқындадық. Тақырыпты барынша жинақы етіп қарастыру үшін отандық зерттеулердегі тарихшы-ғалымдардың тұлғалануы мәселесін басты насанаға алдық. Отандық тарихшы ғалымдардың және тарих ғылымының дамуына ықпал жасаған қоғам қайраткерлерінің тұлғалануы желісі арқылы бүкіл тұлғатану бағытын жіктеу барынша толық тұжырым жасауға жеткіліксіз болар еді. Дегенде, бір мақаланың көлемінде мәселеге талдау жасау барысында ауқымды тақырыптың жекелеген қырын ашып көрсетуге болады деп есептейміз.

Зерттеу әдістері.

Аталған зерттеу аясында тарихи тұлғатану бағытын зерттеуге тікелей қатысты болып саналған тарихнамалық талдау тәсілі қолданылды. Тұлғатанудың ғылыми мектептерінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін жіктеуде методологиялық тұрғыда тарихи салыстырмалы тәсілдің мүмкіндіктері пайдаланылды.

Талқылау. Отандық тарихшылардың арасында тәуелсіздік жылдары тұлғатануға қатысты зерттеулерінде методологиялық ұстанымдар қалыптастырылған тарихшылардың бірі – Манаш Қозыбаев болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген зерттеу еңбегінде [1] тарихшы М.Қозыбаев елімізде билік тұтқасын ұстаған Ф.И. Голощекин, Л.И. Брежнев және Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді барынша ушықтыруымен ерекшеленген Н.С. Хрушев сияқты партиялық басшылықтың тарихи портреттерін жасаған еді. М.Қозыбаев үшін еліміздің тарихы мен тағдырында қасіретті қолтаңбасы қалған тұлғалар сірекен партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілі ғана емес, олар да ет пен сүйектен жаратылған адамдар ретінде қарастырылады.

Белгілі жазушы К.И. Чуковский Е.В. Тарле үшін тарихи тұлғалар «қуыршақ та, елес те, әлдебір әлеуметтік топтың дерексіз өкілі де емес, олар тірі адамдар» [2, С.95-96] деп тарихшының ұстанымына нақтылық берген. Бұндай ұстаным тарихи тұлғатануда қорытынды жасау, баға беруде аса қажетті зерттеу тәсілі екендігі белгілі. Тарихшы-ғалымның өз зерттеулерінде қолданған стиліне қарау жіктеуге байланысты Л.А. Сидорованиң «Кеңестік тарихнамада көркемдік бейнелерді пайдалану көбіне жеке тұлғалық фактормен байланысты. Тарихшының даралығын оның қай кезеңге тиесілі екендігі және қандай да бір методологияны қуаттайтындығы емес, ғалымның стилі және зерттеушілік қолтаңбасы анықтайды» [3, С.54] деген тұжырымы да назар аудартады.

Ғылыми мектептердің қалыптасуына қатысты ой-пікірлердің қатарында тарихшылардың арасында ғылыми көзқарас, методологиялық ұстанымдардың сабактастыры, олардың арасында ерекше үлгідегі өзара қарым-қатынас орнықпай ешқандай да ғылыми мектептің болуы мүмкін емес деген тұжырым орнықсан. Бұл қарым-қатынастар ұстаз берілген шекіртті ғылыми ізденіс жолында ғана емес, сонымен бірге белгілі

бір ғылыми мәдениет тұрпаты да біріктіреді. «Ғылыми мектепті анықтайтын өлшемдер тізбесінде қазіргі заманғы зерттеушілер мектептің негізін қалаушы мен оның шәкірттері арасындағы педагогикалық қарым-қатынасты алдыңғы орынға қояды» [3, С. 170]. Демек, әзірge отандық тарих ғылымдағы тұлғатану бағыты мектептерінің ара-жігі толық ажыратылмаған жағдайда олардың ортақ белгілері мен ерекшеліктері бойынша жіктеудің алғашқы тәжірибесі ретінде осы зерттеуімізде тарихнамалық талдауды қысқаша шолумен шектейміз.

Нәтижелер. Кеңестік қоғамда тарих ғылымының дамуына ықпалы болған қайраткерлерді тұлғаландыру арқылы отандық тарих ғылымының қалыптасуына қатысты оқиғалар мен көзқарастар жүйесін талдау және бағалау дегенді танытады. Осы түрғыда біз Қазақ КСР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар саласы бойынша вице-президенті, Академик С.Б. Бәйішевтің тұлғасына тоқталамыз. Фалым-қайраткердің Қазақстанның гуманитарлық ғылымының дамуына қосқан үлесі мен атқарған рөлі туралы С.Ф. Мажитов «Қазақстанның тарих ғылымы С.Б. Бәйішевті оның қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық тарихы бойынша жазған еңбектері республика тарихшыларының арасындаған емес, сонымен бірге оның аумағынан да тыс жерлерде қызығушылық тудыруымен оны өздерінің мақтанышы санайды» [4, Б.25] деген баға береді. Өйткені қазіргі жаңа тарихи даму жағдайында С.Бәйішевтің қызметі мен ғылыми мұрасы ерекше назар аударуып, қайта бағалауды керек етеді.

С.Бәйішев 30-жылдардағы қазақ кеңестік интеллигенциясының алғашқы буынының өкілі болды. Бұл буынның басты ерекшеліктерінің бірі туған халқының тарихи жады мен көптеген дәстүрлерін сақтап қалуымен ерекшеленетін. Осы буын өкілдеріне қатысты Б.А. Төлепбаев пен И.В. Якунин қызықты әлеуметтік-психологиялық феномен туралы тұжырым ұсынады. Оның мәнісі, қоғамдық ғылымдарда қазақ ғалымдарының қазақ тарихы туралы патриархалдық, фольклорлық ұғымдардан арылу кезеңі болғандығы екен [5, С.98]. Бұл феноменнің басты белгісі «ескі экономикалық уклад пен тұрмысқа деген ностальгия» еді. С.Бәйішев «қызыл профессура» өнегесімен бұл психологиялық кедергілерден тез арылып, бірыңғай маркстік-лениндік методологияның қалың ортасынан орын алды. Саяси бітімі осы бағыттағы ұстанымдарын қалыптастырса, атқарған қызметтері ол ұстанымдарды тәжірибе жүзінде орнықтырды. Ғылымдағы бұндай ұстанымдар ғалым шығармашылығының әдіс-тәсілдеріне негіз қалап, жұмыс дағдыларын үштай тұсті.

Осы тұжырымға нақтылық беру үшін ғалымның негізгі зерттеу еңбектерін атап көрейік. Әр жылдары С.Бәйішевтің «Коммунизм және экономика», «В.И. Ленин и Советский Казахстан», «Социально-экономическое развитие Казахстана», «Великая социалистическая преобразования в Казахстане», «Очерки экономической истории Казахской ССР», «Развития народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти», «Материальная, техническая база коммунизма и ее экономические проблемы в Казахстане» деп келеді. 1962 жылы қорғаған докторлық диссертациясы да «Победа социализма в Казахстане» деп аталағы. Академиктің басты зерттеу еңбектерінің тақырыптарының өзі оның кеңестік идеология тапсырысына сай орындалған, коммунистік идеяға қызмет еткендігі көзге ұрып тұрғаны белгілі. Солай дегенмен, белгілі бір кезеңдегі қазақстандық ғылыми ойдың биік жетістігі болып саналған еңбектер қазіргі қоғам талаптарымен ой елегінен өткізіп, ғылыми талдауға лайық деп айта аламыз. Солай дейтініміз, академиктің сонына қалдырған ғылыми мұрасы ғылыми ойдың жетістігі болуымен бірге еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының баға жетпес дереккөзі болып саналады. Өйткені ол зерттеулер кабинеттік жағдайда емес, автордың куәгер болып, тікелей араласқан іс-тәжірибелері мен теориялық ізденістерінің жемісі еді.

Айталық, ғалымның Батыс Қазақстанның мұнай және газ кен орындарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуіндегі тәсілдерін ұсынуы, Ақтөбе облысында фосфорит, сары фосфор және минералды тыңайтқыштар өндірісін кеңейтуге қатысты

талдаулары Қазақ КСР-нің 1970–1980 жылдардағы экономикалық дамуының стратегиялық жоспарына енген еді [5, Б. 28–29].

С.Б. Бәйішевтің 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияда жасаған баяндамасында сол кездегі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы С.Ф. Мажитов Б. Бәйішевтің ғылыми бағытын қалыптастырудың міндеттеріне арнайы тоқталған болатын. Қазіргі кездегі қоғамдық ойда С.Б. Бәйішевтің тарихи көзқарастарына талдау жасап, оның Қазақстан тарих ғылымының дамуындағы және кәсіпқой тарихшы кадрлар қалыптастырудың үлесіне баға беру. Солай дегенмен де зерттеу барысында көзіміз жеткен ақиқат - С.Б. Бәйішевтің есімін ұлықтаудағы ең бастысы – оның ғылыми мұрасы десек, сол ғылыми мұраны және азаматтық өнегесін бір мақаланың ауқымында түгел және толық қарастыру мүмкін емес екендігі. Демек, бәйішевтану бағытының бастапкы міндеттерін ғана шеше аламыз, ал оны тыңғылықты және тиянақты зерттеу алдағы уақыттың, сонымен бірге жаңа буын қоғамтанушылардың үлесі болмақ деп ойлаймыз.

С.Б. Бәйішевтің шәкірті М.Қозыбаев ұстазы туралы «Сәкен ғылым идеологияландырған кезде ғылыми жұмыс жазды. Солай бола тұра ол нақты экономика жағына ойыса беретін, заманына, талабына сай проблемаларды көтеретін» [4, Б. 59] деп жазады.

Партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі ретінде ғалым-қайраткердің биліктің алдында алған міндеттемелері болғаны белгілі. Осы жөнінде М.Қозыбаев «Партияның тапсырмасын орындаушы комиссарлық миссияға байланысты өз еңбегінде идеологияға негізделді. Орталық Комитеттің нұсқауымен рецензиялар жазып, атақты замандастарына сөзі тиген кезі де болды» [4, 59] деп еске алады. Солай дегенмен де, С.Б. Бәйішұлы қеудемсоқтық жасап, өз замандастарын көзге ілмей, алға шығуға ұмтыла бермегені аңғарылады.

С.Б. Бәйішевтің партиялық қызметінде бойына сіңген осы қасиеті туралы оның шәкірттерінің бірі А.К. Кошанов «Сәкен социализмнің негізгі ұлы қағидаларын өзінің өмірлік мақсатына айналдырып баққан, осы ұстанымын дәуір шындығы деп иланып өткен еді. Сәкен өз заманының перзенті, ұлы дүрбелең, жеңіс пен трагедияға толы ғасырдың өкілі еді» [4, Б.60] деп баға береді. Шындығында, С.Б. Бәйішев коммунизмді шын жүргегімен, нанымымен қабылдап, оны халқына бостандық, бақыт әкелетін жол деп сеніп өткен аға буынның өкілі болатын.

Солай дегенмен ұстазы шәкірті алдында кейінгі ұрпаққа аманаттағандай болып, «Социалистік Қазақстанда» редактор болып жүргеннің өзінде талай қыспаққа түскенімде мен ешкімнің үстінен домалақ қағаз жазбаған адаммын» [4, Б.61] деп ағынан актарылған екен. С.Б. Бәйішевтің ғасырдың 60-70 жылдары экономика саласындағы жоғары дәрежедегі ғалымдарды дайындаудағы әсері, басшылығы, тікелей қызметі ерекше [4, Б.64] екендігін шәкірттері атап көрсетеді.

С.Б. Бәйішевтің Ғылым академиясындағы қызметі туралы академик Салық Зиманов «Сәкен өмірінде Академияның қақ төріне қағылған шындықтың алтын қазығы еді» [4, Б.68] деп жоғары баға беруі қайраткер-ғалымның биік азаматтық ұстанымының негізгі лейтмотиві деп білеміз.

Тарихи тұлғатану бағытында өнімді еңбек еткен тарихшылардың бірі – академик М.Х. Асылбековтың шығармашылығындағы тұлғалар галереясынан тарихшы-ғалымдарға қатысты зерттеулерін ғана бөліп қарастырамыз. Академик тарихшының Қазақстан тарихының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан А.Н. Панкратова жайлы зерттеулерінде еліміздің тарих ғылымының даму процесін жекелеген тарихи тұлғалардың қызметі мен шығармашылығы арқылы тұлғаландырады. Айталақ «саяси құғын-сүргінге ұшыраған, кәсіби дайындықтары болмаған кенес тарихшыларның алғашқы буыны» [6, Б.106] өкілдері қатарында С.Асфендиаров, Т.Рысқұлов, Ф.Тоғжанов, П.Г. Галузоларды атайды. Олар саяси құғын-сүргінге ұшырағаннан кейін қалыптасқан екінші буын тарихшылар легінің өкілдері қатарында Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Нұсінбеков, С.Б.Бейсенбаев,

Б.С. Сүлейменов, Е.Бекмаханов, А.Б.Тұрсынбаев, Б.А.Төлепбаев, Н.К.Киікбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Т.Е.Елеуов және т.б. атайды. Өмірі мен шығармашылығын Отан тарихымен байланыстырған ғалым Кеңес тарихшыларының екінші және үшінші буыны бүгінгі кезде табысты енбек етіп жатқан жоғары білікті мамандарды даярлап шығарғандығын олардың жекелеген өкілдерін атап айтады және әрқайсының ғылыми қызметіне баға береді.

Салалық тарих институтын ширек ғасыр басқарған (1956-1982) академик А.Нұсіпбековты ғылыми тұлғаландыруға қатысты бірнеше очерк арнаған М.Асылбеков кеңестік билік кезеңдегі ғалымның азаматтығын және саяси ұстанымы туралы «Ақай Нұсіпбекұлының ғылымдағы қызметін оның қоғамдық жұмыстарынан бөліп қарасты болмайды, себебі өз заманының ағымымен өмір сүрген азамат шығармашылық жұмысына да, саяси белсенділігін де бір мақсатқа сай жүргізуге ұмтылады» [6, Б.135] деген тұжырыммен түсіндірді.

Бегежан Сүлейменовке қатысты зерттеулерінде бір назар аударатын жай бар. Ол отандық тарихшылардың тұлғааралық байланыстарына қатысты. Б.Сүлейменов пен Е.Бекмұқанов арасындағы 1948 жылдың шілде айында болған пікірталас жеке бас араздығынан бұрын отан тарихының күрделі мәселелері бойынша методологиялық тұрғыдағы пікірталас еді деген қорытынды жасайды [6, Б.169-172].

М.Асылбеков сомдаған тарихи тұлғалар портреттерінің арасында Б.А.Төлепбаев, Ф.Г.Дахшлейгер, Р.Сүлейменов, К.Нұрпейісов, Х.Алпысбаев, О.Смағұл, Т.Тұрлығұл, Ә.Дәүлетхан, Ә.Өмірзаков, М.Сыдыков сияқты тарихшылар бар. Ғалым өз әріптестерінің қоғамдық-саяси қызметін талдаумен шектелмей, олардың отандық тарих ғылымының көкжиегін кеңейтудегі шығармашылық ізденістеріне баға беруді басты мақсат тұтқандығы аңғарылады. Қалай дегенде де еліміздегі тарих ғылымының дамуында тарихшы ғалымдардың тұлғааралық қатынастарына талдау жасау арқылы олардың саяси-идеологиялық пікірталастардағы азаматтық позициясы айқындала түсетіндігіне көз жеткіземіз.

Академик М.Асылбековтың зерттеулерінде тарихи тұлғатану бағытының қазіргі заманғы методологиялық ұстанымдары жайлы маңызды болып саналатын ғылыми тұжырымдар орын алған.

Тәуелсіздік кезеңінде, әсіресе оның алғашқы жылдарында десоветизация ықпалымен Кеңес дәүірін бірыңғай қара бояумен суреттеу орын алғаны белгілі. Осы мәселеге назар аудара отырып, М.Асылбеков «Әрбір саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді, оның себептерін, нәтижелерін және сапаларын объективтік, жан-жақтылық, тарихиық және басқа ғылыми-методологиялық принциптер негізінде ғана зерттеп, айқындауға ұмтыламыз... Жеке тұлғалардың өмірі, саяси-қоғамдық қызметі мен мұрасы зерттелгенде, біз олардың өзара қатынасына, бас араздығына, яғни бақталастығына көп көніл бөлмей, тек олардың ұлт мұддесіне істеген қызметін көрсетуге ұмтыламыз» [7] деген тұжырымы мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Атырау Ұлттық құрылтайында тұлғатануға қатысты жасаған тұжырымының барынша өзекті екендігінің тағы бір айғағы деп қабылдаймыз.

Отандық тұлғатануда өнімді енбек еткен тарихшы академиктеріміздің бірі – Кеңес Нұрпейіс. Кеңестік қоғамда туып-өскен, шығармашылығы коммунистік идеологияның аясында қалыптасқан тарихшы тәуелсіздік кезеңінде қайта түлеп, кезінде айта да, жаза да алмаған «ақтаңдақ» тақырыптарды алғашқылардың бірі болып көтерген еді. Оның осы көлемді шығармашылық мұрасының арасынан біз зерттеу ұстанымдарымызға сай тек тарихи тұлғаларға қатысты зерттеулеріне талдау жасайтын боламыз.

К.Нұрпейіс Отандық тарихшылардың алғашқы буыны өкілдерінен Х.Досмұхамедұлы мен М.Тынышпаевтың өмірбаянымен бірге олардың шығармашылығына алғашқылардың бірі болып тәуелсіздік кезеңінде ғылыми баға берді. Айталақ, Алаш партиясы мен Алаш Автономиясының үкіметі тарих сахнасынан кетіп, олардың халық таныған көсемдері саяси күрес пен қызмет аясынан құштеп құылған соң

Халел Досмұхамедов «табиғат берген дарынының арқасында өз халқына оқу-ағарту, ғылыми ұйымдастырушылық салалары арқылы білек сыйбана қызмет етуге кірісті» [8, Б.133] деген тұжырым жасайды. Халелдің бұл қызметі оның өмірбаянының Ташкент кезеңімен (1920–1924 жж.) байланысты болатын.

Ал Мұхаметжан Тынышпаев қатысты зерттеуінде («Мухаметжан Тынышпаев – видный общественно-политический деятель») қайраткерді «Тұған халқының тарихы, қазақ рулары мен тайпаларының генеологиясы туралы қызықты зерттеулер қалдырған қазақ тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігінің үлкен білгірі» [8, С. 334] деп баға береді. Сонымен бірге қайраткердің Түркістан Мұхтарияты қызып таратылғаннан кейінгі кезеңде Жетісудағы саяси қызметі (1918–1919 жж.) деректік негізде тұлғаланған.

Өте қарқынды қоғамдық-саяси қызметіне қарамастан саяси тарих саласы бойынша соңына біршама мұралар қалдырған Т.Рысқұлов туралы зерттеуінде («Туар Рыскулов и его время». В.К.Григорьевпен бірге жазған) қайраткердің тарихшылығына тоқталады. Т.Рысқұлов 1924 ж. Мәскеуге Коминтерн Атқару комитетінің Орта-шығыс бөлімі аппаратына қызметке ауысқан кезінде «Ол деректі тарихшы қызметін атқарып, бұл жолы 1917-1920 жылдардағы өлкениң негізгі саяси құштерінің күресін, бұл күрестегі ауыл және қыстақ еңбеккерлерінің орны мен рөлін сипаттайтын материалдарды көпшілікке ұсынады» [8, С. 156-157] деп оның шығармашылық кредитосынан хабар береді. Т.Рысқұлов осы кезде «Революция и коренное население Туркестана» деген жинақ шығарған. Осы және одан кейінгі еңбектерінде Р.Рысқұлов шығармашылығында марксік-лениндік ұстанымдарды, таптық-партиялық қафидаларды басшылықта алды. Ол тарихшылардың «қызыл профессура» легінің өкілі болып саналмағанымен де методологиялық ұстанымдары бойынша олардан алшақ кете қойған жоқ еді. К.Нұрпейістің Т.Рысқұловты өмірбаяндық тұрғыда тұлғаландыруымен бірге оның тарих саласындағы ізденістерін атап етуінің маңызы ерекше.

К.Нұрпейіс тұлғаландырған қайраткерлердің бірі – Ораз Қиқымұлы Жандосов. Қоғамдық-саяси өмірбаяның ғылыми қалпына келтірген ғалым қайраткердің тарих саласындағы қызығушылығын былай талдайды: «О.Қ.Жандосов Қазақстан тарихының жеке мәселелерін зерттеумен шындал айналысты: оны Қазақстанның Ресейге қосылуы, тарихи демография, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары, 20-30 жылдардағы Қазақстанның ауылды мен деревиясының саяси өмірі және әлеуметтік-экономикалық дамудың жекелеген аспектілері қызықтырды» [8, С. 273–274]. Сонымен бірге ол зерттеулерінде алғашқылардың бірі болып әлеуметтану мен статистикалық тәсілдерді қолданғандығына назар аударады. К.Нұрпейістің сомдаған тұлғалар галереясында А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев, М. М.Шоқай, Ш.Есенов және т.б. қайраткерлер бар.

К.Нұрпейіс отандық тарих ғылымының дамуы мен қалыптасуында тарихшылардың өзара қарым-қатынасы да көп рөл атқарғандығын айта келіп, А.М.Панкратовың қызметін жоғары бағалайды. Оның ғылыми-ұйымдастырушылық және зерттеушілік өмірінің Алматы қаласында болған эвакуациялық кезеңі (1941–1943 жж.) барынша жемісті болғаны аңғарылады. Ол А.М. Панкратова «отызынши жылдардың өзінде Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы тарихын зерттеп жүрген профессорлар С.Ж.Асфендиаров пен М.П.Вяткинге методологиялық және нақтылы ақыл-кеңестер берген» [9]. Осы мақаласында С.Асфендиаровтың тарих ғылымындағы үлесі ретінде «Қазақстан тарихын дәүірлерге бөлудің негізінен өмір шындығына сай үлгісін жасағандығы» екендігін атап көрсетеді.

XX ғасырдың 20–30 жылдардағы қазақ қайраткерлерін тарихи тұлға ретінде тұлғаландырудың мәселесі кеңестік тарихнамада таптық-партиялық тұрғыда сыңаржақ бағаланып келді. Бұл ұстаным тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде кері бағытта өрбігені тағы белгілі. Яғни кеңестік қоғамдағы партиялық-мемлекеттік номенклатура «жағымсыз» кейіпкерлерге, ұлтшыл әлита өкілдері «жағымды» кейіпкерлерге айналдырылды. Олар бір-біріне қарсы қойылу арқылы тұлғаландырылды. Бұл отандық тарихи тұлғатану методологиясының «балалық ауруы» деп бағалауға болатын құбылыс еді. Бұл

құбылыстың бүкіл посткеңестік кеңістіктегі оріс алғандығын ескерер болсақ, сонда оның себебін алыстан емес, кеңестік тарих методологиясына балама іздестірген тарихшылардың уақытша қолданысқа алған ортақ әдіс-тәсілі ретінде қарастырамыз. Осы түйінді мәселеге алғашқылардың бірі болып назар аударған К.Нұрпейіс Ә.Бекейханов бастаған арыстардың заман талабын абыраймен атқарғандығын, олармен идеялық айтыста болған, социализм жолын таңдал алған Т.Рысқұлов, О.Жандосов, С.Сейфуллин сияқты интелигенция өкілдері қазақ халқының жақсылыққа жетуін ойлады. «Бұлар бір-бірімен айтысып, өкпелескенімен, бір-бірін өлімге қиған жоқ. Бірі – «қазақ халқын эволюция жолымен өркениетке жеткіземіз» деді. Енді бірі – «реформа емес, революция жолымен, яғни тез қарқынмен өркениетке жеткізу керек» деді. Тұпкі ойлаған мақсат-мұдделері бір болды да, осы мұддеге жету жолын, тактикасын олардың әрқайсысы өздерінше таңдал алды» [10] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырымынды тұлғалар шоғырының саяси қызыметін бағалаудағы өлшемдердің бірі ретінде қабылдауымызға болады.

Тұлғатану бағыты методологиясының қалыптасуы да аз ба, көп пе, алыс па, жақын ба – әйтеуір бір эволюциялық даму жолынан өтуі керек екендігін аңғарамыз. Тарихи тұлғатану бағыты тек академиялық үлгіде қалыптаспайтындығы белгілі. Оның үстіне осы бағытта зерттеу жүргізетін ғалымдардың қолданған өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері, ұстанған методологиялық ұстанымдары, саяси позициясы, соңында олардың өздеріне тән стилі болатындығын да ескеруіміз керек. Тарихи тұлғатануда тұрақты және барынша өнімді еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі – Бейбіт Қойшыбаевтың шығармашылығына арнайы талдау жасау қажет деп білеміз. Өйткені тарихшы (тарих ғылымдарының кандидаты), жазушы (Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі), саяси құғын-сұргін құрбандарын ақтауға қатысты құрылған республикалық «Әділет» ағартушылық қоғамы басшыларының бірі болған Б.Қойшыбаевтың тұлғатану бағытындағы зерттеулеріне осы кезге дейін назар аударылмай келеді. Оның себебі, біріншіден, тарихшылар қауымы Б.Қойшыбаевты әдебиетшілер санатына қосса, әдебиетшілер қауымы оны тарихшы деп қабылдайды. Оның мәнісі ғалымның тарих ғылыми мен көркем әдебиеттің танымдық мүмкіндіктерін пәнаралық байланыстар тоғысында қолданған стилінен туындал отырғандығын атап айта аламыз. Тарихи танымға ғылымилық та, көркемдік-образдық та бейнелер жат емес. Мәселе ғылыми және көркемдік ақиқаттың арақатынасына байланысты болып тұр. Сонымен, ғылыми дерегі көркемдік образға ұласқан Б.Қойшыбаевтың отандық тұлғатанудағы үлесі қандай, осы бағытқа қандай танымдық және ғылыми жаңалықтар ұсына алды, кімдерді және қалай тұлғаландырды деген сауалдарды алға тарта отырып, оның шығармашылығына талдау жасап көрейік. Кеңестік тарих ғылымында тарихи нарративтің көркемдігі мәселесі бірнеше рет көтерілген. Шұрайлы тілмен жазылған зерттеу еңбектерді қолдаушы М.Н. Тихомиров көркемдік тәсілмен жазылған тарихи кітаптарға сынни баға беріп, «Қазіргі кездегі тарихи еңбектер «ұқыпсыз және қызықсы» жазылады» дей келіп, «Тарихшы өз шеберханасынан қажетті өнімді шығаратын жайғана зерттеуші емес. «тарихшы дегеніміз – ол жазушы» [3, С.55] деген тұжырым жасаған еken. Осы ұстанымды басшылыққа алған Б.Қойшыбаевтың ұзақ жылдарғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде «Түнектен оралған есімдер» атты көптөмдік енбегі [11] жарық көрді.

Осы көптөмдіктың алғашқы кітабы «Төрт күлік» [12] деп аталады. Осы кітапта ғалым Ә.Бекейханов, Ж.Досмұхамедов, М.Шоқай және Н.Төрекұловтардың тарихи бейнесін тұлғаландырған. Ғалымның ғылыми айналасындағы дереккөздерді түсіндіруде қолданған тәсілдерінің бірі, естеліктермен бірге мемуарлардың да мәліметтерін қиуластырып қолдануы деп білеміз. Айталық, осы кітаптағы Н.Төрекұловқа қатысты зерттеулерінде құпия қорлардағы архив деректерін С.Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» атты монографиясының және қайраткердің өнегесін көріп ескен Ж.Арыстановтың «Таң жүлдізы» романындағы естеліктерімен салыстыра отырып пайдаланып, өз топшылаулары мен болжамдары арқылы тарихи оқиғаның ақиқатына көз жеткізуге ұмтылады [12, Б.221–236].

Тұлғатануда өзге бағыттардағы сияқты «ізашар» деген ұғым қолданылады. Оның мәнісі – ғылыми танымда бүрын тұлғаланбаған тұлғаны алғаш рет тұлғалап, ғылыми айналымға ұсынушылық. Б.Қойшыбаев та осы тұрғыда есімі елеусіз болып келген тұлғаларды алғаш рет айналымға ұсынған тарихшы. Сондай тұлғалардың қатарында Сералы Лапин, Қоңырқожа Қожықов, Ораз Жандосовтарды атауға болады [13] бұл қайраткерлер жайлы қазіргі кезде жарық көрген ғылыми, танымдық енбектердің бастауында Б.Қойшыбаевтың тұрғандығын аңгарамыз.

Б.Қойшыбаев республикалық «Әділет» ағартушылық қоғамы басшыларының бірі ретінде саяси құғын-сұргін құрбандарын ақтау мәселесіне белсене арапасты. Бұл мәселе қайта құру кезеңінде және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Саяси құғын-сұргінге кім кінәлі?», Ә.Тәжібәев айтқандай, «Атқызынан кім, атқан кім?», Қаным қайда төгілген, тәнім қайда көмілген?» деген сауалдарға жауап ізденеген барынша қытықты және шамшыл тақырыпқа айналған еді. Фалым осы мәселеге қатысты методологиялық ойларын аталған жинағының 3-кітабында қозғайды.

Пікірін таратар болсақ, саяси құғын-сұргін туралы сөз қозғаганда алғашқы кезекте жазықсыз жапа шеккендер, құрбандар жайлы айтЫлады. Негізінен, тек соларды еске алу, есімдерін ұлықтауға қатысты мәселелер ғана көтерілді. Бірақ осы құғын-сұргінге себеп болған, осы құғын-сұргінді іске асырған билік пен орындаушылар жайлы әнгіме қозғалмайды. Оның себебі мемлекеттік террор жасағандар, мемлекеттік қылмысқа жол берген тұлғаларды айыптайтын сот процесінің жүрмегендігі, тиісті заңнамалық акт қабылданбағандығы зерттеушілердің ізденістеріне қолбайлау болатындей. Осы тұрғыдан қарастырғанда отандық тұлғатанудың да ұстанымдары қайта қаралуы керек сияқты. Осыған байланысты Б.Қойшыбаев «мұрагаттардан алынған жаңа деректер (Рыскұловтың Сталинге хаттары) негізінде кейінгі уақыттарда баспасөзде жария болған жаңалықтар мәселеге жеке тұлғааумағынан асып, кең көлемде карауға, идеологиялық күрес шындықтарын тануға ұмтылдырды» [14, Б.16] деген тұжырым жасайды. Архив корларынан табылып, айналымға ұсынылып жатқан «деректер осынау тұлғалар арасында елеулі күрес жүргенін көрсеткенімен, олардың енбектерінің мән-маңызын жоққа шығара алмайды. Бірақ бұл олардың арасындағы айтыс-тартысты мүлдем елемеу керек деген сөз емес, керісінше, бізге олардың сонау қүрестерінің мән-жайын, туу себебін, салдарларын ажырата білу ләзім» [14, Б.17] дей келіп, бұл мәліметтердің жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін, болашағымызды айқын түсінуіміз үшін, тіпті тарихтан сабак алуымыз үшін керек екендігіне назар аудартады. Шындығында, топтық, жершілдік мұдделер кейір жекелеген қайраткерлердің төнірегінде оның қызметі мен рөлін мифтендіру тенденциясы орын алғып отырғаны жасырын емес. Т.Рыскұловтың 1924 жылды И.Сталинге жазған құпия хаттарының жария болуы қоғамдық пікірде резонанс тудырғаны белгілі. Осыған байланысты Б.Қойшыбаев «Оларды жасыруға болмайды, біздің демократиялық қоғамда жабық тақырып болмауға тиіс, қайта бәрін ғылыми айналымға түсіріп, талдау жөн: ...есте ұстауға тиіс жайт сол, мұндай шаруа ұлттық мақтандыштарымызды тұғырдан тайдау үшін жасалмауы керек, ...бүгінгі күннің пайдасына, яғни жан-жақты да адаптацияларды тәрбиелеу ісіне жұмсау үшін атқарылуы тиіс» [14, Б. 21] деп жүргізілетін зерттеудің мақсаты мен міндеттін айқындайтын методологиялық өлшем ұсынады. Шындығында қоғамды топтық қағидамен бір-біріне бітіспейтін екі жікке бөліп тастаған кеңестік идеологияның стереотипі өміршешек екендігін тарихи танымдағы тұлғаларға қатысты «қимастық пен жеккөрушілік сезімдердің бірін-бірі оңай алмастыратындығынан айқын көреміз. Осыларды ескере отырып, тарихи танымды қалыптастыратын тұлғатанушылардың алдына «бізге ұлттық ымыра қажет», оны жай ұранмен, яки әлдебір тиым салумен орнатам деу кәте, оған текқана ашық талқылау, мәселені айқын түсіну, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену арқылы қол жеткізуімізге болады» [14, Б.21] деген ұсынысы да қолдауға лайық.

Б.Қойшыбаев бұл кітабында Т.Рыскұлов, С.Қожанов, С.Садуақасовтарды тұлғаландырады. Өзіне оңтайлы зерттеу әдісінде сай айналымдағы архив деректерін

естеліктермен салыстыра отырып пайдаланатын тарихшы С.Қожановқа қатысты зерттеуінде оның өмірлік жары, АЛЖИР тұтқыны Гүландағы Қожанова-Лапинаның қызы Зиба Қожанованың естеліктерін шеберлікпен қолданады.

Галым-жазушы төрт томдық кітабының соңғы кітабында [15] ұлт қайраткерлері О.Исаев, С.Асфендияров, М.Жұмабаев, Қ. Кеменгеров, Д.Әділов, С.Сегізбаев, Ж. Садуақасов, Л.Мирзоян, Ф.Бекейханов, Т.Жүргеновтерді тұлғаландырған. Осы кітаптан Л.Мирзоянға қатысты зерттеуіне ден қоюмызға тұра келеді. Оны тұлғаландыруға қатысты зерттеулерімен ғылыми көзқарасынан эволюциялық жолын аңғаруымызға болады.

«Тағы да Мирзоян жөнінде» деген мақаласындағы «Л.Мирзоян жайында мен қайта құру жылдары жазған едім. 32-нің қасіретінен кейін оның қазақ еліне тигізген шарапатына сүйсініп, өткөрген революциялық жолын сүйсіне жаңғыртқан мақаламды 1988 жылы жазыптын. Алайда сондағы шалқыған сезімім тым біржақты болған екен» [15, Б.174] деген тұжырымынан тарихшының қарастырған мәселеге қатысты көзқарас эволюциясын танимыз.

Бұл жердегі мәселенің түйіні қазақ халқының ашаршылыққа ұшыраған кезінде, Қазақстанның басшылығына тағайындалып, тоталитарлық билік реформаларының апартты салдарларын жоюға күш салған Л.Мирзоянның 1937 ж. желтоқсанда Сталинге жолдаған құпия хатына қатысты туындалған отыр. Мирзоян осы күні республика бойынша репрессиялауға тиіс адамдардың санын 1-категория бойынша – 100, 2-категория бойынша 1000 адамға көбейту жөнінде ұсыныс берген. Саяси Бюро ұсынысты 3-желтоқсан күні бекіткен [15, Б.177-178]. Өлемторға тарап кеткен осы құжат саяси құғын-сүргін құрбандары ұрпақтары тарапынан «ашу-ыза тудырғандықтан «Әділет» ағартушылық қоғамы мәселені бірнеше рет талқылаған. Осыған байланысты Б.Қойшыбаев «Еліміздің тізгінің ұстаған жанның ел мұддесіне керегар жасаған, қоғамымыздың қаймағынан айрылуға апарған мұндай әрекеттерін қалай бағалауға болады?» [15, Б.180] деген сауалға «Мәселе сананы ағартуда, азаматтарды шыншыл тарихпен тәрбиелей түсуде жатыр» деген тұжырым ұсынады.

Тарих ғылымының бір миссиясы – ақықатты айту деген ұстанымды басшылыққа алған тарихшылар архив қорларынан табылған құжаттарды айғақ-дәлел ретінде археографиялық өндеуден өткізіп, осылайша тарихи ақықаттарды ғылыми қалпына келтіруге үлес қосатын болады.

Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі -ұлттық мұдде болуы керек. Яғни, мәселе тұра мағынасында қойылғанда - ол тұлға ұлты үшін не істей алды? деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде кеңестік дәуірдегі партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы да жоқ емес. Ал саяси қайраткер ретіндегі қызметіне берілер баға да олардың қызметінен ұлт тағдырына қандай және қаншалықты зиян келді? деген сауалдың жауабымен айқындалады.

Қорыта айтқанда, отандық тарихтың тұлғатану бағытындағы мектептерінің ерекшеліктері мен ортақ белгілеріне қарай жіктеу тақырыпқа қатысты мәселелерге айқындық берді. Зерттеу барысында отандық тарихи тұлғатану бағытының тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде методологиялық және құндылықтың ұстанымдары қарама-қайшылықты көптүрлілігімен және саяси-идеологиялық сипатынмен ерекшеленген болатын. Соңғы зерттеулерде мәселенің ғылыми негізі қалыптасып келе жатқандығына көз жеткіздік. Солай дегенмен әзірге тарих тұлғатануды зерттеудің ортақ методологиялық ұстанымдары орныға қоймағандығы да анықталды. Алдағы уақытта тақырыпқа қатысты кешенді зерттеулер жүргізуіндегі қажеттігі болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақықаты //М. Қозыбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.

2 Е.В. Тарле и К.И. Чуковский. Переписка // Вопросы истории. 2006. №1.

- 3 Сидорова Л.А. Советские историки: духовный и научный облик. Институт российской истории Российской академии наук. – М.: 2017. 248 с.
- 4 Құрескер-ғалым, академик С.Б. Бейішевтің 100 жылдығына орай /Жауапты ред.: О.Сәбден. – Алматы, QR BFM FK (эл.нұс.), 2011. – 224 б.
- 5 Түлепбаев Б.А., Якунин И.В. Организация исторической науки и основные направления исследований //Историческая наука Советского Казахстана. Алма-Ата, 1990. С. 94-129.
- 6 Асылбек М. –А.Х. Тұлғалар мен тарих туралы (мақалалар жинағы). –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. – 480 б.
- 7 М.Асылбеков. Шерханға хат// Жас қазақ. 2008 ж. 8 тамыз
- 8 Нұрпейіс К. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. –376 б.
- 9 К.Нұрпейіс. Тарихи шындықты аттап өте алмаған //Егемен Қазақстан, 1997 ж. 8 ақпан.
- 10 К.Нұрпейіс. Тәуелсіз Қазақстан шындық тарихын жазу үшін руссоцентризм идеясынан толығымен арылу қажет... Әңгімелескен Шолпан Құрманбай //«Айқын», 2006. – 23 мамыр №91 (543)
- 11 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. –Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. Көптөмдүк
- 12 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 1-кітап. Төрт күлік. – Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. – 240 б.
- 13 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 2-кітап, Іргетас. – Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. – 192 б.
- 14 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 3-кітап. Үш пері. – Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. – 248 б.
- 15 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 4-кітап. Қабырға. – Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. – 248 б.

REFERENCES

- 1 Qozybaev M. Aqtandaqtar aqiqaty [The truth of Aktangdak] //M. Qozybaev. - Almaty: Qazaq universiteti, 1992. - 272 b. [in Kazakh]
- 2 E.V.Tarle i K.I.Chukovskij. Perepiska [Perepiska] // Voprosy istorii. 2006. №1. [in Russian]
- 3 Sidorova L.A. Sovetskie istoriki: духовnyj i nauchnyj oblik. Institut rossijskoj istorii Rossiijskoj akademii nauk. [Soviet historians: spiritual and scientific form. Institute of Russian History of the Russian Academy of Sciences] – M.: 2017. 248 s. [in Russian]
- 4 Kuresker-galym, akademik S.B. Bayishevtin 100 zhyldygyna oray [On the occasion of the 100th anniversary of the fighter-scientist, academician S.B. Bayishev] /Zhauapty red.: O.Sabden. – Almaty, QR BGM GK (el.nus.), 2011. – 224 b. [in Kazakh]
- 5 Tulepbaev B.A., Yakunin I.V. Organizaciya istoricheskoy nauki i osnovnye napravleniya issledovanij [Organization of historical science and main directions of research] //Istoricheskaya nauka Sovetskogo Kazakhstana. Alma-Ata, 1990. S. 94-129. [in Russian]
- 6 Asylbek M. – A.Kh. Tulgalar men tarikh turaly (maqalalar zhinagy). [About personalities and history (a collection of articles)] – Almaty: Abay atyndagy ҚaZUPU, «Ulagat» baspasy, 2014. - 480 b. [in Kazakh]
- 7 M.Asylbekov. Sherkhanga khat [A letter to Sher Khan] // Zhas qazaq. 2008 zh. 8 tamyz, [in Kazakh]
- 8 Nurpejis K. [Nurpejis K.] /Bas red. B.Ayagan. – Almaty: «Qazaq ehnciklopediyasynyn» Bas redakciyasy, 2007. – 376 b. [in Kazakh]
- 9 K.Nurpejis. Tarikhi shyndyqty attap ote almagan [He could not bypass the historical truth] //Egemen Qazaqstan, 1997 zh. 8 aqpan, [in Kazakh]
- 10 K.Nurpejis. Tauelsiz Qazaqstan shyndyq tarikhyn zhazu ushin russocentrism ideyasynan tolygymen arylu qazhet... [In order to write the true history of independent Kazakhstan, it is necessary to completely get rid of the idea of Russocentrism...] Angimelesken Sholpan Qurmanbaj //«Ajqyn», 2006. – 23 mamyr №91 (543) [in Kazakh]

- 11 Qojshybaev B. Tunekten oralgan esimder: Tulga zhane tarikh. [Names from the Night: Personality and History] – Almaty: «Rukh-BG» baspasy, 2016. Koptomdyq [in Kazakh]
- 12 Qojshybaev B. Tunekten oralgan esimder: Tulga zhane tarikh. 1-kitap. Tort kulik. [Names from the Night: Personality and History. Book 1. Four runners] – Almaty: «Rukh-BG» baspasy, 2016. – 240 b. [in Kazakh]
- 13 Qojshybaev B. Tunekten oralgan esimder: Tulga zhane tarikh. 2-kitap, Irgetas. [Names from the Night: Personality and History. Book 2, Foundation] – Almaty: «Rukh-BG» baspasy, 2016. – 192 b. [in Kazakh]
- 14 Qojshybaev B. Tunekten oralgan esimder: Tulga zhane tarikh. 3-kitap. Ysh peri. [Names from the Night: Personality and History. Book 3. Three fairies] – Almaty: «Rukh-BG» baspasy, 2016. – 248 b. [in Kazakh]
- 15 Qojshybaev B. Tynekten oralfan esimder: Tulga zhane tarikh. 4-kitap. Qabyrga [Names from the Night: Personality and History. Book 4. Wall] – Almaty: «Rukh-BG» baspasy, 2016. – 248 b. [in Kazakh]